



Лицензия

02.02.2021 год

№ KZ78LAA00021495

Выдана

Коммунальное государственное учреждение "Многопрофильная гимназия № 5 "Тандау" города Кокшетау отдела образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области"

020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, Кокшетау Г.А., улица Байкена Ашимова, дом № 141, БИН/ИИН: 970240004218

(полное наименование, местонахождение, бизнес-идентификационный номер юридического лица (в том числе иностранного юридического лица), бизнес-идентификационный номер филиала или представительства иностранного юридического лица - в случае отсутствия бизнес-идентификационного номера у юридического лица/полностью фамилия, имя, отчество (в случае наличия), индивидуальный идентификационный номер физического лица)

На занятие

Образовательная деятельность

(наименование лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Особые условия

(в соответствии со статьей 36 Закона Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

Примечание:

Неотчуждаемая; класс 1

(отчуждаемость, класс разрешения)

Лицензиар

Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан"

(полное наименование лицензиара)

Руководитель
(уполномоченное лицо)


Алтаев Серик Табылдинович

(фамилия, имя, отчество (в случае наличия))

Дата первичной выдачи: «03» декабря 2014 г.

Срок действия лицензии: « » г.

Место выдачи





**Приложение к лицензии для
занятия образовательной
деятельностью**

Номер лицензии KZ78LAA00021495

Дата выдачи лицензии 02 февраля 2021 года

Подвид(ы) лицензируемого вида деятельности

(наименование подвида лицензируемого вида деятельности в соответствии с Законом Республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях»)

- Начальное образование
- Общее среднее образование
- Основное среднее образование

№	Шифр	Наименование направления подготовки кадров	Сроки обучения
1		Общее среднее образование	

Основание для выдачи Приказ №19-13-1-6/14 от 02 февраля 2021 года Департамента по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области.

(номер и дата приказа лицензиара о выдаче лицензии)

Лицензиат

Коммунальное государственное учреждение "Многопрофильная гимназия № 5 "Тандау" города Кокшетау отдела образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области"

020000, Республика Казахстан, Акмолинская область, Кокшетау Г.А., улица Байкена Ашимова, дом № 141, БИН/ИИН: 970240004218

(полное наименование, местонахождение, бизнес-идентификационный номер юридического лица (в том числе иностранного юридического лица), бизнес-идентификационный номер филиала или представительства иностранного юридического лица - в случае отсутствия бизнес-идентификационного номера у юридического лица/полностью фамилия, имя, отчество (в случае наличия), индивидуальный идентификационный номер физического лица)

Лицензиар

Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан"

(полное наименование органа, выдавшего приложение к лицензии)

**Руководитель
(уполномоченное лицо)**


Алтаев Серик Табылдинович
(фамилия, имя, отчество (в случае наличия))

Номер приложения 001

Место выдачи

Дата выдачи приложения 30 января 2021 года







БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 12.10

Көкшетау қаласы

ПРИКАЗ

№ 274

город Кокшетау

**Ж.У.Рахимбекованы
тағайындау туралы**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек Кодексінің 139-бабы 1-тармағына, "Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 мамырдағы № 213 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

- 2023 жылғы 12 қазаннан «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының № 5 көппрофильді «Таңдау» гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына **Рахимбекова Жанар Уразбековна** тағайындалсын.
- Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.

Негіздеме: 2023 жылғы 11 қазандағы конкурстық комиссияның қорытынды отырысының хаттамасы, 2023 жылғы 12 қазандағы № 525 еңбек шарты.

Басшы

А.Нургертаева

Бұйрықпен таныстым: Ж.У.Рахимбекова (12.10.2023г.)

Орынд.: А.Жасланова

003393



ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**Справка о государственной перерегистрации
юридического лица**

970240004218

бизнес-идентификационный номер

г. Кокшетау

«14» января 2021 г.

Наименование:

Коммунальное государственное учреждение "Многопрофильная гимназия № 5 "Тандау" города Кокшетау отдела образования по городу Кокшетау управления образования Акмолинской области".

Местонахождение:

Республика Казахстан, 020000, Акмолинская область, город Кокшетау, ул. Б. Ашимова, дом 141.

Руководитель: Ибраева Куаныш Сагидулловна.

Учредители (участники): Акимат Акмолинской области.

**Справка является документом, подтверждающим государственную
перерегистрацию юридического лица, в соответствии с
законодательством Республики Казахстан**

**Заместитель руководителя
Департамента юстиции
Акмолинской области**



Г. Акимова

Дата выдачи: 14.01.2021 г.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ

**Занды тұлғаны
мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама**

**970240004218
бизнес-сәйкестендіру нөмірі**

Көкшетау қ.

2021 ж. «14» қаңтар

Атауы:

"Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының № 5 көппрофильді "Таңдау" гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Б. Әшимов көшесі, 141 үй.

Басшысы: Ибраева Куаныш Сагидулловна.

Құрылтайшылары (қатысушылары): Ақмола облысының әкімдігі.

Анықтама

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркелгінін растайтын құжат болып табылады

**Ақмола облысының
Әділет департаментінің
басшының орынбасары**



Г.Әкімова

Берілген күні: 2021 ж. 14.01



Ақмола облысы әкімдігінің
2021 жылғы 05 қаңтардағы
№ А-1/3 қаулысымен
бекітілген

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі
Көкшетау қаласының № 5 көппрофильді «Таңдау» гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының № 5 көппрофильді «Таңдау» гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (одан әрі – мемлекеттік мекеме) білім беру, тәрбие функцияларын жүзеге асыру үшін коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға дәрежесі бар, коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына, Президент пен Үкіметтің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Ақмола облысының әкімдігі мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

5. Мемлекеттік мекеменің өкілетті органы «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады. (бұдан әрі- тиісті саланың уәкілетті органы).

6. Мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының № 5 көппрофильді «Таңдау» гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020000 Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Б.Әшімов көшесі, 141 үй.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде мемлекеттік мекеменің атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, өз күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушыларды жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүддесінде оқыту және тәрбиелеу болып табылады.

Мемлекеттік мекеме қызметінің басты мақсаты – қазіргі заман талаптарына сай жалпы білім беру бағдарламалары мазмұнының міндеттерін минимумын игерту, ойлау процестері мен рефлексия дағдыларын дамыту, қоғамның өзгермелі жағдайларына бейімделе алатын үйлесімді дамыған жеке тұлғаны дамыту.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген тұлғаның қалыптасуы, дамуы, маман ретінде жетілуіне бағытталған сапалы білім алуға қажетті жағдайларды жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық қабілеттерін дамыту, адамгершіліктің берік тұғыры мен салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаның дамуына жағдайлар жасау арқылы оның ақыл-ойын байыту;

3) өз Отанына- Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілігін, патриотизм мен азаматтық сезімдерін, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді дәріптеуге, Конституцияға және қоғамға карама-қайшы келетін кез келген құбылыстарға деген төзімсіздік сезімін тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық рухтағы тұлғаны тәрбиелеу; қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірге қатысуға деген қажеттіліктерін, тұлғаның өз құқықтары мен борыштарына саналы түрде қарауын қалыптастыру;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен таныстыру; халқының және Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихы

мен салт-дәстүрлерін зерттеу; мемлекеттік тілді, оған қоса орыс және басқа да шет тілдерін меңгеру;

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік деңгейін көтеру;

7) қоғам мен экономиканың талаптарына сай келетін білім берудің сапасын бағалайтын ұлттық жүйенің жұмыс істеуі;

8) оқытудың жаңа технологиялыран енгізу және тиімді қолдану;

9) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау;

10) оқытудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін білім беру бағдармалары мен педагогикалық технологиялардың әзірленуі және іске асырылуы;

11) баланың өзін шығармашыл және дарынды тұлға ретінде көрсететін шығармашылықты дамытатын жеке бағдармаларды жасау;

12) балаларды өзін-өзі дамыту және өз-өзінің білімін жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру;

14. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет көрсету туралы» Заңына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетеді.

15. Мемлекеттік мекеменің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымдарының әкімдігі бекітеді және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келістіріледі.

16. Мемлекеттік мекеменің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымының әкімшілігі бекітеді және білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдармен келісіледі. Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың тілдерді, ғылым, мәдениет, өнер, хореография, спорт, әскери іс негіздерін терең меңгеруіне, көркемдік-эстетикалық, шығармашылық әлеует пен дарындарды дамытуға бағытталған.

17. Жалпы білім берудің бастауыш оқу бағдарламалары баланы тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу іс- әрекетіне деген оң ынталандыру мен ептіліктерін дамытуға бағытталады: негізгі мектептегі білім беру бағдарламаларын игеру үшін оқу, жазу, есептеу дағдыларын, тілдік қарым - қатынас жасау тәжірибесін, шығармашылық қабілеттерін және мәдени мінез - құлқыны дамытуға бағытталады.

18. Негізгі орта білім берудегі жалпы білім берудің оқу бағдарламалары оқушылардың ғылым жүйесінің базистік негіздерін игеруіне, оларда жоғары тұлғаралық және ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыуына, өз мәдениетін бағыттарын анықтауына бағытталады;

19. Жалпы орта білім берудің жалпы орта білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану - математикалық және әлеуметтік - гуманитарлық салаларда кәсіби оқытуды енгізу арқылы білім мазмұнын сарылау және интеграциялау негізінде жүзеге асырылады.

20. Мемлекеттік мекеме білім беру процесін білім берудің үш деңгейінің (бастауыш білім беру, Негізгі орта білім беру, Жалпы орта білім беру) Жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

21. Үйде тегін жеке оқытуды ұйымдастыру "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік мекеме арқылы жүзеге асырылады.

22. Білім беру ұйымына қабылдау тәртібі.

1) Оқушыларды мемлекеттік мекемеге қабылдау «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламаларын даярлауға ведомстволық бағыныстылығына қарамастан құжаттарды қабылдау және білім беру ұйымына қабылдау» мемлекеттік қызмет көрсету арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібіне сәйкес оқыту мекемелеріндегі қабылдаудың үлгілі ережесімен орнатылады.

2) Мемлекеттік мекеменің 2-11 сыныптарына оқушыларды қабылдау және қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелерімен реттеледі. Қабылдау кезінде басым құқықты басқа гимназиялардың, лицейлердің және бейінді мектептердің оқушылары пайдаланады.

3) Балаларды мемлекеттік мекемеге қабылдау мектеп басшысының бұйрығымен ата -аналардың жазбаша өтінішін негізінде жүзеге асырылады.

4) Мемлекеттік мекемеге оқуға түскен оқушылар және оның ата- аналары (заңды өкілдері) оқу барысын реттейтін мектептің Жарғысымен және басқа да мемлекеттік мекеме құжаттарымен таныстырылады.

23. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру тәртібі.

1) Мемлекеттік мекемедегі оқу – тәрбие процесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік міндетті стандартына сай өңделген оқу жоспарларына, оқу бағдарламаларына, мемлекеттік мекеме директорымен бекітілген мемлекеттік оқу жоспары мен күнтізбе-тақырыптық жоспарға сәйкес құрылады.

2) Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізі мемлекеттік мекеме жүзеге асыратын оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу болып табылады.

3) Оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуі тиіс.

4) Мемлекеттік мекемеде оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің жоспарын және теориялық және практикалық сабақтардың кестесін бекіту жолымен жүзеге асырылады.

5) Оқу-тәрбие процесін қорытындысы, оқушылардың үлгерімі және сабаққа қатысуын қадағалауда мемлекеттік мекеме «Күнделік» электронды сынып журналы жүйесін пайдаланады.

6) Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу,

педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мекемеде оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жүзеге асырылады.

7) Мемлекеттік мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру үдерісінің негізгі бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары мораль мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

8) Нәсілдік, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен ерекшелікті қолдауға, милитаристік және халықаралық құқық пен гуманизмнің жалпыға бірдей қабылданған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға, сондай-ақ діни атрибуттарды білдіруге тыйым салынады.

9) Оқу-тәрбие процесі білім алушылар мен педагог қызметкерлердің білімділік қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде жүзеге асырылады.

10) Білім алушыларға қатысты дене, моральдық және психикалық зорлық-зомбылық әдістерін қолдануға жол берілмейді.

11) Әскерге шақыруға дейінгі және әскерге шақыру жасындағы білім алушыларды Бастапқы әскери даярлау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жалпы орта білім берудің оқу бағдарламасы негізінде мемлекеттік мекемеде жүзеге асырылады.

12) Мемлекеттік мекемеде тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

13) Мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуды, сондай-ақ орыс тілін және басқа тілдерінің бірін оқытуды қамтамасыз етеді.

14) Оқушылардың және олардың ата-аналарының, педагогикалық кеңес мүшелерінің шешімі, қамқоршылар кеңесі негізінде, ЖМЦ пәндері ағылшын тілінде оқытылады.

15) Мемлекеттік және орыс тілдері қорытынды аттестаттауды өткізу мақсатында пәндер тізбесіне енгізілетін міндетті пәндер болып табылады.

16) Оқу процесі оқытудың әр түрлі формалары қолданылатын сабақтар түрлері болып табылады: жеке, ұжымдық, топтық, дербес.

17) Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен нормалар, Денсаулық сақтау және білім беру органдарының бекітілген оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған мемлекеттік стандарт бекітетін ережелермен айқындалады және қамқоршылық кеңесімен және мемлекеттік мекеменің ата-аналар комитетімен келісіледі.

18) Оқушылардың сабақ тәртібі.

Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен басталады. Оқу мақсатының, оқу аптасының ұзақтығы, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің бұйрығымен белгілінеді.

19) Оқушылармен жеке жұмыс, сыныптан тыс жұмыс кесте бойынша сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

20) Министрдің бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру және ғылым министрлігі 2016 жылдың 14 қаңтарында, №26 бұйрығы, мектеп формасы білім берудің зайырлы сипатына сәйкес келеді. гимназия формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бір түсті сызбада сақталады. Мектеп формасының түсі –көк түсті.

Әртүрлі конфессияларға жататын діни киімдердің мектеп формасына енуіне жол берілмейді.

Ата-аналар мен басқа заңды өкілдер мектеп белгіленген мектеп формасымен оқушыларды қамтамасыз етеді.

Ата-аналар және өзге де заңды өкілдер білім алушылардың мемлекеттік мекемеде белгіленген мектеп нысанын киюін қамтамасыз етеді .

21) Сыныптардың толымдылығы 25 оқушыдан артық болмауы тиіс.

Мемлекеттік органдары төтенше жағдайында шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізген кезінде немесе белгілі аумақта төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда сынып-жиынтықтар сыныпта 15 оқушыға дейін болуы мүмкін.

24. Оқушыларды оқудан шығару тәртібі мен негіздемелері.

1) Білім беру ұйымынан 16 жасқа дейінгі балаларды ерекше жағдайларда білім беруді басқару органдарының шешімі бойынша, заңға қайшы әрекеттер жасағандығы, білім беру ұйымының Жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғандығы үшін оқудан шығаруға рұқсат етіледі.

2) Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару шешімі қорғаншылық және қамқоршылық органдарының келісімі негізінде қабылданады.

3) 7-11 сынып оқушылары үшін бір немесе екі пән бойынша "қанағаттанарлық" баға оқу жылының қорытындысы бойынша гимназиядан шығару туралы мәселені қарау үшін негіз болып табылады. Қайта аттестаттау немесе оқушыны оқудан шығару туралы шешімді педагогикалық кеңес қабылдайды. Курсты қайта тапсырмаған оқушылар мемлекеттік мекемеден оқу жылының басына дейін шығарылады.

25. Білім беру ұйымының білім алушылары және олардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен қарым-қатынасты рәсімдеу тәртібі.

Кәмелеттік жасқа толмаған балалардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері құқылы:

1) баланың жеке және дара ерекшеліктеріне, қалауына сай білім беру мекемесін таңдауға құқылы;

2) ата-аналар комитеттері, қамқоршылық кеңес арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмыстарына қатысуға құқылы;

3) мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына қатысты ақпарат алу;

4) келісім шарт негізінде балалардың қосымша қызмет алуы құқығы бар. Оқушылардың ата-аналары мен басқа заңды өкілдері міндетті:

1) балалардың оқуға, өмір сүруге қауіпсіз жағдайларын қалыптастыруға, физикалық және интеллектуалды дамуын қамтамасыз етуге, адами тұлғасын қалыптастыруға міндетті;

2) балаларды одан әрі жалпы білім беретін мектепке беруді айқындай отырып, мектеп алды даярлығын қамтамасыз етуге;

3) Мемлекеттік мекеменің Жарғысындағы ережелерді орындауға;

4) Мемлекеттік мекемеге балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етеді.

26. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері:

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға және тиісті мінез-құлыққа;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуге;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын қолдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Мемлекеттік мекеменің педагогикалық қызметкерлері:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген білім алушының анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына заңсыздық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасау, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік бөлініс белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы әрекетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс әрекетшілік жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

27. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңының 63 бабына сәйкес ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

Мүлікті жалдауға (жалға алуға) беруден алынған кірісті мемлекеттік мекеме дербес пайдаланады.

28. Мемлекеттік мекемеде оқыту үлгі нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету шартының негізінде жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік мекеме осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

30. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органның талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

31. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

32. Құрылтайшы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзге асырады;

33. Тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылу тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржылық есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

34. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басшысы тиісті саланың уәкілетті органымен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

35. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, тиісті саланың уәкілетті органына тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

36. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

37. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

38. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) тиісті саланың уәкілетті органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;
- 12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті саланың уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

39. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыалардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

40. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

41. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

42. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі бюджеттен қаржыландырылады.

43. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

44. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

45. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

46. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

47. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

48. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

